



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ  
ДАМУ МИНИСТРЛІГІ




Қазақстандық  
қоғамдық  
даму  
институты

# «АЖЫРАСУ ЖӘНЕ ОНЫҢ САЛДАРЫ»

ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ  
БОЙЫНША ТАЛДАМАЛЫҚ ЕСЕП

АНАЛИТИЧЕСКИЙ ОТЧЕТ  
ПО РЕЗУЛЬТАТАМ СОЦИОЛОГИЧЕСКОГО  
ИССЛЕДОВАНИЯ НА ТЕМУ:

## «РАЗВОДЫ И ИХ ПОСЛЕДСТВИЯ»



НҰР-СҰЛТАН - 2021

**«Ажырасу және оның салдары» әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері бойынша талдамалық есеп / Д.М. Айкенова – Нұр-Сұлтан: «Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институты» КеАҚ, 2021. – 150 б.**

**Аналитический отчет по результатам социологического исследования на тему «Разводы и их последствия». / Айкенова Д.М. – г. Нур-Султан: НАО «Казахстанский институт общественного развития «Рухани жаңғыру», 2021 г. – 150 с.**

Талдамалық есепте ажырасудың жоғары деңгейіне талдау және терең сұхбат арқылы жүргізілген әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері ұсынылған: ажырасудың себептері мен факторлары айқындалды, ажырасудың некеге дейінгі белгілері, ажырасудың теріс және оң салдары анықталды, ажырасудың қоғам, ересектер мен балалар үшін салдары зерттелді, ерлер мен әйелдердің некеден кейінгі мінез-құлқы, сондай-ақ ерлердің бала тәрбиесіне қатысу дәрежесі талданып, ұсыныстар жасалды және ажырасудың жоғары деңгейін реттеудің халықаралық тәжірибесі сараланды.

Әлеуметтанулық зерттеу Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің тапсырысымен жүргізілді. Талдамалық есеп мемлекеттік қызметкерлерге, зерттеушілерге, қоғамдық ұйым өкілдеріне және барлық отбасылық саясат мәселелеріне қызығушылық танытқандарға арналған.

В аналитическом отчете представлены анализ высокого уровня разводимости и результаты проведенного социологического исследования путем глубинного интервью: выявлены причины и факторы развода, определены добрачные признаки разводов, выявлены негативные и положительные последствия разводов, изучены последствия разводов для общества, взрослых и детей, исследовано послебрачное поведение мужчин и женщин, а также степень участия мужчин в воспитании детей, разработаны рекомендации и изучен международный опыт регулирования высокого уровня разводимости.

Социологическое исследование проведено по заказу Министерства информации и общественного развития Республики Казахстан. Аналитический отчет предназначен для государственных служащих, исследователей, представителей общественных организаций и всех тех, кто интересуется вопросами семейной политики.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ  
ДАМУ МИНИСТРЛІГІ



# «АЖЫРАСУ ЖӘНЕ ОНЫҢ САЛДАРЫ»

ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ  
БОЙЫНША ТАЛДАМАЛЫҚ ЕСЕП

НҰР-СҰЛТАН - 2021



# МАЗМҰНЫ

---

КІРІСПЕ .....	4
1. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ БӨЛІМІ .....	4
2. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК БӨЛІМІ .....	6
ГЛОССАРИЙ .....	8
I ТАРАУ. АЖЫРАСУДЫҢ ӨЗЕКТІ АСПЕКТІЛЕРІ .....	9
1.1. Ажырасудың заманауи жағдайы (ажырасу статистикасы, факторлары) .....	9
1.2. Ажырасу санын азайту бойынша халықаралық тәжірибе .....	17
1.3. Отбасындағы жанжалдар мен ажырасудың негізгі себептері .....	24
II ТАРАУ. АЖЫРАСУ САЛДАРЫ .....	40
2.1. Ерлі-зайыптылар үшін ажырасу салдары .....	41
2.2. Ажырасудың балалар үшін салдары. Ажырасқаннан кейінгі ата-аналар мен балалардың қарым-қатынасы. Ер адамдардың бала тәрбиесіне қатысу дәрежесі .....	46
2.3. Бұрынғы ерлі-зайыптылардың некеден кейінгі (немесе ажырасудан кейінгі) мінез-құлқы .....	57
2.4. Ажырасу және ажырасудан кейінгі мәдениет .....	63
ҚОРЫТЫНДЫ .....	68
ҰСЫНЫСТАР .....	70
ҚОСЫМША. САУАЛНАМА .....	72

### 1. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ БӨЛІМІ

#### *Зерттеу тақырыбының өзектілігі*

Отбасы – адам мен қоғам арасын байланыстыратын дәнекер, адамдар әлеуметтік қауымдастығының алғашқы формасы. Отбасында адамның бастапқы әлеуметтенуі жүзеге асырылады, ұжымдық өмір сүру қажеттілігі өтеледі.

Отбасын әлеуметтанулық зерттеу терең практикалық мәнге ие, өйткені ол қоғамда болып жатқан көптеген процестерді түсінудің маңызды шарты болып табылады. Отбасы жағдайы бір уақытта әлеуметтік динамиканың бірқатар процестерінің, әртүрлі факторлары ықпалының салдары да, себебі де болып табылады, бірақ, көп жағдайда, осы факторларды өзі анықтайды және ұдайы өндіреді.

Заманауи жағдайда отбасы институты үлкен өзгерістерге ұшырауда: туудың төмендеуі, тұлғааралық қатынастардың күрделенуі, ажырасудың өсуі, демек, толық емес отбасылар мен туған ата-анасы жоқ отбасылар санының өсуі, некеден тыс туылғандардың санының артуы.

Қазіргі қоғамда ажырасу көрсеткіштерінің соңғы онжылдықтарда өсуінің күрделі салдарының бірі – отбасы мен әлеумет қарым-қатынастарындағы тепе-теңдіктің бұзылуы. **Соңғы 20 жылда Қазақстан Республикасында неке санының қысқаруы және ажырасу санының өсуі байқалады. Аға буын арасында да ажырасу жиілеп кетті. Қазақстандағы БҰҰ Тұрғын халықтың қоныстануы саласындағы қоры (ЮНФПА) техникалық қолдауымен дайындалған «Тұрғын халықтың қоныстануы саласындағы жағдайды талдау» мәліметтері бойынша 2013 жылдан бастап 2018 жылға дейін жалпы ел бойынша неке саны 18% қысқарды, 2000-2018 жылдары ажырасу саны орта есеппен екі есе өсті. Қазақстан Республикасында ажырасудың жалпы коэффициенті 2019 жылдың соңында 3,23 құрады. Статистикаға сәйкес 2020 жылы елдегі ажырасу 1000 адамға шаққанда 2,54 ажырасуды құрады. Ажырасу санының да, ажырасудың жалпы коэффициентінің де төмендеуіне қарамастан, Қазақстан Республикасы ажырасу бойынша ең жоғары деңгейлі елдердің ондығында қалып отыр.**

Ажырасу санының өсуі және неке институтында болып жатқан процестер мынадай қорытынды жасауға мүмкіндік береді: некенің бұзылуының нәтижесінде ажырасу өз өзектілігін жоғалтқан жоқ. Неке-отбасылық қарым-қатынастарды зерттеу, отбасының ыдырауы тек жеке адамдардың мәселесі ғана емес, сонымен қатар бүкіл қоғамның мәсе-

лесі екенін көрсетті. Ажырасудың салдары шартты түрде үш топқа бөлінеді: 1) қоғам үшін салдары; 2) ажырасқандардың өздеріне салдары; 3) балалары үшін салдары.

Қоғамға салдары – демографиялық жағдайдың нашарлауы, толық емес отбасылардың пайда болуы, жалғызбасты адамдар санының көбеюі, әкесіз тәрбиеленген балалардың өзін-өзі бағалауы мен жетістіктеріне және т.б. кері ықпалынан орын алған толық емес отбасылардың пайда болуы. Әкесіз (әкесі тірі бола тұра) отбасында тәрбиеленетін балалар санының көбеюі балалар арасында девиантты мінез-құлық ықтималдығын арттырады. Балалары бар ажырасқан әйелдердің едәуір бөлігі мүлдем қайта тұрмысқа шықпайды. Осыған сүйене отырып, ажырасқан әйелдердің туу мүмкіндігі жүзеге асырылмай қалады, яғни халықтың көбею процестеріне де теріс ықпал етеді.

Толық емес отбасыларда ана (әке) мен бала арасындағы қарым-қатынастың спецификалық жүйесі, неке институты негізделетін норма мен құндылықтарға балама болатын мінез-құлық үлгісі қалыптасады. Ажырасу балалардың моральдық жағдайына да ауыр ықпал етеді.

Заманауи қоғамдағы ажырасу мәдени және отбасылық құндылықтардың жоғалуының да себебі болып табылады; ажырасқан адамдардың экономикалық жағдайын қиындатады; жақын әлеуметтік ортамен қарым-қатынасты өзгертеді; ажырасқан адамдар бір уақытта некенің бұзылуына бейімделіп, жаңа өмір салтын қалыптастыруы қажет.

Жалпы, қазіргі қоғамда ажырасу құбылыс ретінде әртүрлі бағаланады. Егер бұрын ол тек жағымсыз - отбасына қауіп төндіру ретінде түсіндірілсе, ал бүгінгі таңда отбасының бұрынғы құрамы мен құрылымын сақтау мүмкін болмаған жағдайда некені бұзу мүмкіндігі оны қайта құру үшін қажетті отбасылық жүйенің ажырамас бөлігі ретінде қарастырылады. Демек, ажырасу деңгейін азайту үшін технологиялар мен бағдарламаларды әзірлеу және енгізу қажеттілігі, сондай-ақ ажырасу субъектілерін жаңа мәртебеге бейімдеу әдістері мен тетіктерін енгізу өзекті болып табылады.

Осылайша, қазіргі қоғамдағы некені бұзудың тұрақты арту үрдісі зерттеудің өзектілігі мен мақсатын – Қазақстандағы ажырасудың жоғары деңгейінің себептерін және ересектер мен балалар үшін ажырасудың салдарын талдау қажеттігін анықтады.

Зерттеу объектісі – ажыру процесінен өткен адамдар. Зерттеу тақырыбы – заманауи отбасылардағы ажырасу әлеуметтік процесс ретінде, ажырасу процессінен өткен адамдардың санасындағы ажырасудың себептері мен салдары.

Зерттеу міндеттері:

- ажырасудың себептері мен факторларын, олардың өсу себептерін анықтау;

- ажырасудың некеге дейінгі белгілерін анықтау;
- ажырасудың теріс және оң салдарын анықтау (психологиялық, экономикалық, әлеуметтік және т. б.);
- ажырасқаннан кейін балаларды тәрбиелеуге әкелердің қатысу дәрежесін анықтау (ажырасқаннан кейін әкелердің балаларымен кездесу жиілігі, әкелер тарапынан баланың болашағы туралы шешім қабылдауға қатысуы және т. б.);
- ажырасудың балаларға ықпалын саралау;
- зерттеу қорытындысы бойынша ұсыныстар әзірлеу.

**Зерттеудің алғашқы гипотезалары:**

- неке-отбасы қарым-қатынастарының, ажырасу мінез-құлқының, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық жағдаймен байланысты отбасылық қарым-қатынастардың трансформациясы;
- неке бұзылуының негізгі себептері – әлеуметтік-экономикалық мәселелер, қоғамның ажырасу мәселесіне белгілі бір қатынасы, ерлі-зайыптылардың әрқайсысының отбасына және бала тәрбиесіне қатысты көзқарастары, отбасы өміріне туыстарының араласуы;
- көп адам ажырасу қашанда жеке өмірдің құлдырауына алып келеді деп ойлайды;
- ажырасудың бастамашысы көп жағдайда өзін жақсы сезінеді;
- ата-аналардың ажырасуы бала үшін соққы алу факторы болып табылады, оның күйзелісі әр балада әртүрлі өтеді;
- ажырасқаннан кейін қаржылық мәселелер, бала күтімі әйелдерге жүктелген;
- ер адам әйелді ажырасуға итермелейді, бірақ ол бастамашы емес, ажырасу инициаторы – әйел;
- ажырасу ерлі-зайыптылардың өзін-өзі бағалау деңгейін төмендетеді.

## 2. ЗЕРТТЕУДІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК БӨЛІМІ

**Іріктеу көлемі:** 64 адам. Тереңдетілген сұхбат аумағы ажырасудың ең жоғары көрсеткіштері тіркелген өңірлерді (Алматы, Қарағанды, Қостанай, Нұр-Сұлтан, Павлодар, Орал, Өскемен, Шымкент) қамтиды.

### **Зерттеу әдісі:**

Зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес сапалық зерттеу әдісі – ажырасқан адамдар арасында тереңдетілген сұхбат қолданылды. Тереңдетілген сұхбат көмегімен интервьюер үшін респондентпен сенімді қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді, осы арқылы басқа әдістердің көмегімен алуға мүмкін болмайтын бірегей мәлімет алынды.



Тереңдетілген сұхбаттың сандық әдістерден айырмашылығы, мысалы, жаппай сауалнамаға қарағанда, интервьюер өз мінез-құлқының қысқа және әдепті стратегиясын құру арқылы респонденттердің жеке ерекшеліктері мен мотивін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл, әсіресе, себептерді анықтау кезінде мүмкін болды. Интервьюердің өзін ұстауы мен әдептілігі сұхбатқа қатысушыларға психологиялық қолдау мен рефлексия үшін қолайлы ахуал жасауға ықпалын тигізді.

Жүргізілген әлеуметтанулық зерттеуден алынған нәтижелерін балалардың құқықтарын қорғауда, дағдарыс пен отбасы бұзылуының алдын алу бойынша отбасылармен жұмыс істеудің үздік тәжірибелерін айқындауда, әйел және ер адамдармен жұмыс жасауда одан әрі стратегия тетіктерін әзірлеуге пайдалану ұсынылады. Тереңдетілген сұхбат диктофонға жазылып, содан кейін мәтінге транскрипцияланды.

Сондай-ақ, ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросының халық, ажырасу, сондай-ақ халықаралық метрикалық жүйелер мен неке және ажырасу туралы статистикалық мәліметтері зерттеудің эмпириялық базасын құрды.

### ***Құралнама құрылымы***

Мәліметтерді жинау құралнамасы - белгілі бір ережелерге сәйкес өзара байланысты және тұжырымдалған бірқатар мәселелерді қамтитын логикалық құрылымдалған гайд. Гайдтың ерекшелігі мен құрамы, оның құрылымы, сұрақтарды құру тәсілі зерттеу тақырыбының құрылымымен тығыз байланысты және сол бойынша құрылады.

### ***Гайд құрылымы үш блоктан тұрады:***

1. Респондентке өтініш жасау; ажырасуға ықпал еткен факторлар мен себептерді анықтауға бағытталған сұрақтар блогы;
2. Ажырасу проблемасының балаларға ықпалын зерттеу блогы;
3. Ажырасудың салдарын бағалауға арналған сұрақтар блогы.

### ***Мәліметтерді өңдеу әдістемесі***

Отбасы институтын зерттеу орталығы қызметкерлері жүргізген әлеуметтанулық зерттеу қорытындысы бойынша тереңдетілген сұхбат кезінде алынған мәліметтерге талдау жүргізді.

Зерттеу кезеңі: 2021 жылдың наурыз-сәуір айлары.

## ГЛОССАРИЙ

**АЛИМЕНТ** – бір адам оны алуға құқығы бар басқа адамға беруге міндетті ақшалай немесе материалдық қаражат.

**НЕКЕ** (ерлі - зайыптылық) – ерлі-зайыптылар арасындағы мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерді туғызатын, отбасын құру мақсатында Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен тараптардың еркін және толық келісімімен жасалған еркек пен әйел арасындағы тең құқықты одақ.

**ГЕЙТКИПИНГ** (ағыл. Gatekeeping) – ажырасу процесі мен одан кейін баланың мүддесі үшін ата-аналардың өзара іс-қимылының жалпы ережелерін әзірлеуге және ынтымақтастыққа қол жеткізуге кедергі келтіретін кедергілерді құрудың, бақылау орнатудың, айып тағудың серпінді және өзара процесі.

**АЖЫРАСУДЫҢ ЖАЛПЫ КОЭФФИЦИЕНТІ** – ажырасудың күнтізбелік жылы ішіндегі сотталғандар санының халықтың орташа жылдық санына қатынасы.

**НЕКЕНІ** (ерлі - зайыптылықты) тоқтату – өздеріне байланысты емес мән-жайлар (қайтыс болу, олардың біреуін қайтыс болды деп жариялау немесе хабар-ошарсыз кетті деп тану) нәтижесінде не осы Кодексте белгіленген тәртіппен некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу арқылы ерлі-зайыптылардың екеуінің де, біреуінің де жеке еркі бойынша әрекеттер нәтижесінде ерлі-зайыптылар арасындағы заңдық қатынастардың тоқтатылуы.

**РЕПРОДУКТИВТІ ДЕНСАУЛЫҚ** – адамның толыққанды ұрпақ өсіру қабілетін көрсететін денсаулығы.

**ОТБАСЫ** – некеден (ерлі-зайыптылықтан), туыстықтан, жекжаттықтан, бала асырап алудан немесе балаларды тәрбиеге алудың өзге де нысандарынан туындайтын және отбасы қатынастарын нығайту мен дамытуға септігін тигізуге арналған мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерге байланысты адамдар тобы.

## I ТАРАУ. АЖЫРАСУДЫҢ ӨЗЕКТІ АСПЕКТИЛЕРІ

### 1.1. Ажырасудың қазіргі жағдайы


Неке-отбасы қарым-қатынастары саласы үнемі мемлекеттік әлеуметтік саясат спектрінде болады. Отбасылық саясатқа заманауи көзқарастар: «отбасына сенім арту, қорғау және тәрбиелеу керек»<sup>1</sup>. Отбасының дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасау кез-келген мемлекеттің басты міндеттерінің бірі, себебі отбасы демографиялық, идеологиялық және экономикалық саясатты тұрақты жүзеге асырудың тірегі болып табылады. Осыған байланысты отбасы мәселелерін зерттеу қазіргі қоғамда болып жатқан көптеген процестерді түсіну үшін практикалық маңызға ие, яғни отбасы барлық процестердің ықпалын сезінеді және оларды ұдайы өндіреді.

Некені тоқтату жағымсыз әлеуметтік құбылысқа айналды. Статистикаға сәйкес ондаған жылдар бойы тіркелген неке санының төмендеуі және ажырасудың өсуі байқалады. Ажырасудың өсуі нуклеарлы отбасы моделінің танымалдылығының төмендеуіне алып келді. Ажырасу түсінгі әртүрлі: кейбіреулер оны отбасының барлық мүшелері үшін өте жағымсыз салдары бар күрделі трагедия деп түсіндіреді; басқалары жанжалдарды тоқтатудың мүмкіндігін көреді; үйдегі зорлық-зомбылық құрбандары мен олардың балалары үшін ажырасу жеңілдеудің бір түріне айналады; ажырасқаннан кейін кейбір азаматтар өзін-өзі дамытуға және кәсіби өсуге шабыт және т. б. алады.

Ажырасу санының артуы тікелей демографиялық және одан әрі зейнетақы жүйесіне кері әсерін тигізіп келеді. Сонымен қатар, ажырасқаннан кейін әйелге репродуктивті мүмкіндіктерін іске асыру қиынырақ болады.

2019 жылмен салыстырмалы түрде 2020 жылы ажырасу санының жалпы төмендеуіне қарамастан, Қазақстан ажырасудың ең жоғары коэффициенті бар 10 елдің қатарында қалып отыр.

<sup>1</sup> Bogenschneider, K., & Corbett, T. (2004). Building enduring policies in the 21st century: The past as prologue. In M. Coleman & L. H. Ganong (Eds.), Handbook of family diversity: Considering the past, contemplating the future. Thousand Oaks, CA: Sage. Hass, L., & Wisensale, S. K. (Eds.). (2006). Families and social policy: National and international perspectives. Binghamton, NY: The Haworth Press, Inc.



1-сурет. Қазақстанда ажырасудың жалпы коэффициенті, 2000-2020 жж.

Дереккөз: ҚР СЖПА ҰСБ. [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)


[www.worldpopulationreview.com](http://www.worldpopulationreview.com) портал мәліметтеріне сәйкес бір-неше жыл бойы ажырасу деңгейі бойынша әлемде бірінші орынды Ресей Федерациясы (4,7) және Гуам (4,2) алады. Ажырасудың жоғары көрсеткіштері Молдова, Беларусь, Украина, Латвия және Литвада байқалады.

1-кесте. Әлемдегі ажырасу деңгейі ең жоғары топ-10 ел, 2020 ж.

№	Ел	1000 адамға шаққандағы ажырасу саны	Халық саны, адам
1	Ресей	4,7	145 912 025
2	Гуам	4,2	170 179
3	Молдова	3,7	4 024 019
4	Беларусь	3,4	9 442 862
5	Латвия	3,1	1 866 942
	Украина	3,1	43 466 819
6	Литва	3	2 689 862
	Қазақстан	3	18 994 962
7	Куба	2,9	11 317 505
8	Грузия	2,7	3 979 765
9	Пуэрто-Рико	2,6	2 828 255
	Коста-Рика	2,6	5 139 052
	Дания	2,6	5 813 298
10	Эстония	2,5	1 325 185
	Финляндия	2,5	5 548 360
	АҚШ	2,5	332 915 073

Дереккөз: <https://worldpopulationreview.com/country-rankings/divorce-rates-by-country> мәліметтері негізінде

Қазақстанның ажырасу көрсеткіші әлем бойынша орташа көрсеткіштен жоғары. Ажырасудың ғаламдық орташа коэффициенті – 1,97. Ажырасудың ең төменгі коэффициенті Шри-Ланкада (0,15), Вьетнамда, Гватемалада, Катарда (әрқайсысы 0,4), ОАР, Босния және Герцеговинада (әрқайсысы 0,6) байқалады.




2-сурет. 2020 жылы әлемдегі ажырасудың жалпы коэффициентінің бөлінуі

Дереккөз: <https://worldpopulationreview.com/country-rankings/divorce-rates-by-country>

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының мәліметтері бойынша елдегі ажырасу саны артып, 2019 жылы 59 796 ажырасу шегіне жетті. Ажырасу деңгейі 3,23 құрады.

2020 жылы ұзақ уақыт ішінде алғаш рет ажырасудың жалпы саны – 48 002 төмендеді. Ажырасу деңгейі 1000 адамға шаққанда 2,56 жағдайды құрады. Бұл ретте әрбір 1000 некеге 373 ажырасу келеді.



**3-сурет.** Қазақстанда тіркелген неке мен ажырасу саны, 2000-2020 жж.

Дереккөз: ҚР СЖПА ҰСБ. [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)

Ортақ балалары жоқ ерлі-зайыптылар жиі ажырасады және олардың үлесі 34,9% құрады. 2 және одан да көп ортақ балалары бар ерлі-зайыптылар арасындағы ажырасу үлесі - 33,3%, бір ортақ баласы бар - 31,8% құрады. Мәліметтердегі айырмашылық аз болғандықтан, қазақстандықтарда балалардың болуы ажырасудың тежеуші фактор болып табылмайды деген қорытынды жасауға болады.

**2-кесте.** Некеде балалары бар немесе жоқ болған жағдайда ажырасудың үлесі, 2020 ж.

№	Балалар саны	Ажырасу үлесі
1	Ортақ балалары жоқ	34,9%
2	Ортақ 1 баласы бар	31,8%
3	Ортақ екі немесе үш баласы бар	33,3%
Барлығы		100%

*Дереккөз: ҚР СЖПА ҰСБ баспасөз парағы. <https://stat.gov.kz/news/ESTAT418023>*

Сарапшылардың айтуынша, ажырасудың төмендеуі Қазақстаннан басқа бірқатар елдерде, мысалы, АҚШ-та, Түркияда байқалады және ол үш фактормен байланысты:

1. Қаржылық жағдайдың тұрақсыздығы және коронавирустық пандемияға байланысты, ерлі-зайыптылардың денсаулығына байланысты мәселелер адамдарды ажырасуды ұзақ уақытқа дейін кейінге қалдыруға мәжбүр етеді. Бұған кейбір елдерде, мысалы, АҚШ-та ажырасудағы жоғары шығындар ықпал етеді;

2. Жабық соттар, тіркеу органдарына барудың қол жетімсіздігі және жарты жылға дейін істерді қарауды кейінге қалдыруды енгізу;

3. Пандемия кезінде отбасымен бірге болу уақытының артуы азаматтарды отбасылық құндылықтардың маңыздылығын түсінуге және некені сақтауға итермеледі.

АҚШ-тағы ажырасулар санының ресми түрде төмендеуіне қарамастан, өздігінен ажырасу туралы онлайн-келісімдердің сатылымы 2019 жылмен салыстырғанда 2020 жылы 34% өсті, ал отбасылық адвокаттар ажырасу туралы өтініштер санының 2019 жылмен салыстырғанда 25-35% өскенін хабарлады<sup>2</sup>.


Мұндай қарама-қайшылық соттардың қол жетімсіздігінен және ажырасу туралы өтініштерді қарау үшін мәжбүрлі немесе жоспарланған кейінге қалдыруды енгізуден туындайды. Осы жағдайға байланысты 2021 жылы ажырасу деңгейі айтарлықтай артуы мүмкін. Дегенмен, қазақстандық соттар ажырасу бойынша істерді онлайн-форматта қарады.

2020 жылғы өңірлік бөлініс талдауына сәйкес ажырасудың жалпы коэффициенті бойынша бірінші орында - Павлодар облысы мен Нұр-Сұлтан қаласы тұр: әр мың тұрғынға 3,6 ажырасқан жұп.

<sup>2</sup> Бірікке Ұлттар Ұйымының ұлттық астанасы мәліметтері бойынша <https://impakter.com/covid-19-impacts-on-marriage-and-divorce/>



Екінші орында-Солтүстік Қазақстан облысы (3,55) және үшінші орында - Қарағанды облысы (3,33). Ажырасудың ең төменгі коэффициенті Түркістан облысында (1,31), Шымкент қаласында (1,87) және Маңғыстау облысында (1,96) байқалады.



4-сурет. Қазақстандағы ажырасудың жалпы коэффициенті, өңірлер бөлінісінде, 2020 ж. %

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ. [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)

БҰҰ-ның 2019 жылғы демографиялық жинағында Қазақстан қалаларында ажырасудың жалпы коэффициенті ауылдарға қарағанда екі есе жоғары. Қалаларда бұл көрсеткіш 4,1 болса, ауылдарда 2 құрады.

3-кесте. Қазақстандағы ажырасудың жалпы коэффициенті, қала-ауыл бөлінісінде, 2015-2019 жж.

Елді-мекен түрі	Ажырасу саны					Ажырасудың жалпы коэффициенті					
	Жыл	2015	2016	2017	2018	2019	2015	2016	2017	2018	2019
Қала		39846	38716	40774	41122	44 081	4,0	3,8	3,9	3,9	4,1
Ауыл		13447	13277	13852	13675	15 715	1,8	1,7	1,8	1,8	2,0
Барлығы:		53293	51993	54626	54797	59 796	3,0	2,9	3,0	3,0	3,2

ҚР СЖРА ҰСБ баспасөз парағының мәліметтері бойынша қалалық жерлерде 34,4 мың ажырасу (71,7%), ауылдық жерлерде 13,6 мың ажырасу (28,3%) тіркелген.




**4-кесте.** Тіркелген ажырасулар санының бөлінуі, қала-ауыл бөлінісінде, 2020 ж.

№	Елді-мекен типі	Ажырасу саны, мың.	Үлесі, %
1	Қала	34,4	71,7
2	Ауыл	13,6	28,3

*Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ баспасөз парағы. <https://stat.gov.kz/news/ESTAT418023>*

Ажырасудың негізгі үлесі неке ұзақтығы 5-9 жылды құраған адамдар тобына тиесілі, яғни олардың жалпы саны – 28,1%. Неке ұзақтығы 2-4 жыл құраған адамдар арасындағы ажырасу үлесі – 22,5%, бірге өмір сүрген кезден бастап бір жылдан кейін – 8,2%, неке қиылған сәттен бастап бір жыл ішінде 4,8% құрады. 10 жылдан астам уақыт бірге өмір сүрген адамдар арасындағы ажырасудың жалпы үлесі 36,4% құрады.



**5-сурет.** Неке ұзақтығы бойынша ажырасу үлесі. %

*Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ баспасөз парағы. <https://stat.gov.kz/news/ESTAT418023>*

Отбасылық-неке қарым-қатынастар саласындағы үрдістердің бірі қазақстандықтардың соңғы 10 жылда тіркелген некелер санының жалпы төмендеуі болып табылады. 1990 жылдардағы демографиялық күйзелістер кезеңінде туған және гипотетикалық түрде неке құруға белсенді қатысуы тиіс жастар үлесінің қысқаруы тіркелген некенің біртіндеп төмендеуіне алып келді. Жастар үлесінің қысқару серпіні көп жағдайда тіркелген некелер санының азаюымен сәйкес келеді.

Некесіз бірге тұру және діни некені қию танымалдығы артып келеді. Діни рәсімдер бойынша жасалған некелер заңнамалық деңгейде ресми неке болып саналмайтындығын атап өткен жөн. Қазақстан Республикасының аумағында тек мемлекеттік органдар қиған неке (ерлі-зайыптылық) қабылданады. Көп жағдайда «неке қию» рәсімі некені мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін ғана өткізіледі, ал молда

мемлекеттік неке қию туралы куәлікті талап ете алады. Соған қарамастан, сарапшылар тек діни мекемелерде жасалған неке бар екенін айтады. Отбасылық қатынастардың мұндай түрлері әйелдер мен балалар үшін ешқандай мүліктік және басқа құқықтар мен кепілдіктер бермейді.

Ажырасу барлық жағымсыз салдарға қарамастан қоғамдағы либералды құндылықтардың танымалдылығына байланысты қалыпты, табиғи құбылыс ретінде қабылдана бастады. Бұл салыстырмалы түрде жеңіл және арзан өтініш беру процессімен байланысты. Некені бұзуды тіркеу үшін мемлекеттік баж төлеу құны 2 айлық есептік көрсеткішті құрайды<sup>3</sup>.

Неке және отбасы туралы кодекстің 19-бабының 3-тармағына сәйкес некені (ерлі-зайыптылықты) сот тәртібімен бұзу ерлі-зайыптылар некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы сотқа өтініш берген күннен бастап бір ай өткен соң жүргізіледі.

Ерлі-зайыптылар арасындағы отбасылық жанжалдарды шешудің кең таралған тәсілі ретінде ажырасуға өтініш берудің жеңілдетілген форматы жеке тұлға ретінде жетілмегендігіне, жас болуына, қарым-қатынас орнатудың және мүдделер қақтығысын шешу дағдыларының төмен деңгейіне байланысты некені тоқтатудың артуына айтарлықтай ықпал етеді.

Жасынан басқа ажырасу ықтималдығына әсер ететін негізгі факторларға объективті және субъективті себептерді жатқызуға болады, яғни білім деңгейі, табыс айырмашылығы, танысу ұзақтығы, теріс отбасылық тәжірибесі (ата-анасының немесе өзінің ажырасуы), мінездерінің сәйкес келмеуі, құндылық бағдарларындағы айырмашылық, отбасына деген көзқарас және т. б.

АҚШ Экономикалық зерттеулер ұлттық бюросының зерттеуінде әйелі күйеуіне қарағанда көп ақша табатын ерлі-зайыптылар некедегі үлкен келіспеушіліктер әсерінен бақытсыз екендіктерін және соңына келгенде ажырасуы мүмкін екенін айтады<sup>4</sup>.

Гендерлік теңдік идеяларының өсуі ажырасудың өсуіне, әсіресе тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайында және ата-аналардың ерлі-зайыптылар арасындағы қарым-қатынасқа араласуына себеп болады. Әйелдер отбасындағы аналарымен немесе әжелерімен болған ұқсас факторларға толеранттылықтың аз деңгейін танытады.

Ажырасу формаларына келетін болсақ, ажырасудың бірнеше түрі бар:

- ресми (некені бұзу АХАЖ органдарында өтеді);

<sup>3</sup> <https://egov.kz/cms/ru/articles/divorce-details>

<sup>4</sup> M.Bertrand, E.Kamenica, J.Pan. Gender Identity and Relative Income within Households. // The Quarterly Journal of Economics, Volume 130, Issue 2, May 2015, Pages 571–614, <https://doi.org/10.1093/qje/qjv001>

- бейресми (ерлі-зайыптылардың бірі отбасын тастап кетеді, бірақ белгілі бір себептермен ажырасқысы келмесе/қаламаса);

- себептер бойынша сот арқылы ажырасу (кәмелеттік жасқа толмаған балалардың болуы, мүлікті бөлу, алименттерді өндіріп алу және т.б.).

Ерлі-зайыптылардың кәмелеттік жасқа толмаған ортақ балалары болуына қарамастан, ерлі-зайыптылардың біреуінің өтініші бойынша неке (ерлі-зайыптылық), егер ерлі-зайыптының екіншісі:

- 1) сот хабар-ошарсыз кетті деп таныса;
- 2) сот әрекетке қабілетсіз деп таныса;
- 3) сот әрекет қабілеті шектеулі деп таныса;

4) қылмыс жасағаны үшін кемінде үш жыл мерзімге бас бостандығынан айырылған жағдайда тіркеуші органдарда бұзылады.

Некені жүктілік кезеңінде және бала өмірінің бірінші жылы ішінде жұбайының келісімінсіз бұзу мүмкін емес екенін атап өткен жөн.

Ерлі-зайыптылардың ажырасуы туралы шешіміне белгілі бір уақытқа созылатын уәждеме ықпал етеді. Кейбір жағдайларда бұл мерзім бірнеше онжылдыққа созылуы мүмкін. Зерттеулерге сәйкес көп жағдайда өзіне және балаларына жауапкершіліктің артуына байланысты ажырасудың бастамашысы әйел адам болады.

Бұл тақырыпты зерттеу кезінде ажырасудың себептері мен ажырасудан кейінгі аспектілерге, мысалы, субъектілер мен балаларға әсер етуіне, неке институтына деген көзқарасты өзгертуіне, ресми түрде ажырасқаннан кейін бұрынғы ерлі-зайыптыларды эмоциялық және қаржылық тұрғыдан қалпына келтіру әдістеріне назар аудару керек.

## 1.2. Ажырасу санын азайту бойынша халықаралық тәжірибе

Ажырасу санын азайту бойынша шетелдік тәжірибенің desk-research заңнамалық актілері мен мемлекеттік институттарының нәтижелері бойынша бірнеше тәсілдер бар деп қорытынды жасауға болады:

1. Міндетті «салқындату» кезеңін немесе 1 жылға дейінгі рефлексияны енгізу. Мұндай тәжірибе мақсаты эмоцияға негізделген өтініш беруді болдырмау (Швеция, Оңтүстік Корея, Сингапур);

2. 1 ай мерзімге міндетті салқындату кезеңін енгізу және егер жұп 30 күннен бастап 60 күнге дейінгі кезеңде жүгінбесе, некені бұзу туралы өтініш жойылады (Қытай);

3. Ажырасуға өтініш берушілердің ұзақ уақыт бөлек тұруын енгізу. Мерзімі 2,5 жылға жетуі мүмкін (Италия);

4. Ажырасуды тіркеу/өтініш беру жарнасының салыстырмалы түрде жоғары құны. Айта кету керек, ел үкіметі жарна мөлшерін динамикалық тұрғыда арттырады (Австралия, АҚШ);

5. Мүлікті және балалардың болашақ тұрғылықты жерін/қамтамасыз ету кезінде келіссөздер жүргізуді жеңілдетуге бағытталған отбасылық медиация практикасын енгізу (Финляндия, Сингапур);

6. Өтініш бергеннен кейін отбасылық психологтарға міндетті түрде жүгіну және ақпараттық материалдарды тарату;

7. Отбасылар мен балаларды сенім телефоны арқылы қолдау жүргізу (Ұлыбритания, Австралия, Сингапур);

8. Отбасылық жанжалдар жағдайында, ажырасуы кезінде ересектер мен балаларды қолдау жөніндегі қауымдастықтар құру (Сингапур, АҚШ);

9. Ата-анасы ажырасқан балаларға арналған оңалту топтарын енгізу (Сингапур).

Төменде кейбір елдердің мысалдарында ерекшеліктері бар тәжірибелерді іске асыруы егжей-тегжейлері көрсетілген.

## **ШВЕЦИЯ**

Швецияда ажырасуды кейінге қалдырудың міндетті мерзімі енгізілген. Мерзім екі мақсатта қызмет етеді. Біріншіден, ерлі-зайыптыларға бірге өмір сүрудің себептерін түсінуге уақыт береді. Екіншіден, асығыс шешім қабылдаған жағдайда, ажырасудың міндетті кезеңі эмоцияларды реттеуге мүмкіндік береді, осылайша ерлі-зайыптылар ажырасуды тез арада қалайтын қақтығыстарды шеше алады. Сондықтан міндетті күту уақыты ерлі-зайыптыларға эмоция ықпалымен шешілмейтін болып көрінетін келіспеушіліктерді шешуге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, Швецияда ажырасуға өтініш беру жарнасы 68 еуродан 122 еуроға дейін өсті (2020 ж). Орташа жұп үшін жарнаның ең жоғары құны (€122) жылдық кірістің 0,2% құрайды

## **ОҢТҮСТІК КОРЕЯ**

Рефлексия кезеңін енгізу тәжірибесі оның тиімділігін көрсетеді. Үш айлық кезең енгізілгеннен кейін Оңтүстік Кореяда ажырасулар санының азаюы байқалады, бірақ берілген өтініштердің жалпы санының төмендеуі байқалмайды.

## **СИНГАПУР**

Сингапурда Әлеуметтік және отбасылық даму министрлігі бар. Министрліктің басты міндеттерінің бірі ажырасқан ата-атаналары бар балаларға көмек беру. Осының аясында балаларға өмір сүру жағдайын жақсартуды басымдық ретінде көретін әртүрлі бағдарламалар жұмыс жасайды. Ең алдымен, ата-аналарға ажырасудың қаржылық мәселе-

лерін, ажырасудың өмір сүруге әсерін, қамқорлықпен балалармен қарым-қатынас жасауға әсерін, ата-аналардың бала тәрбиесіне бірлесіп қатысуының маңыздылығын түсінуге көмектесетін екі сағаттық міндетті ата-ана туралы айту керек. Ата-аналарға балалардың ажырасу кезіндегі реакциялары туралы, сондай-ақ ата-аналарға балаларға эмоцияларымен күресуге қалай көмектесуге болатындығы туралы нұсқаулар беріледі.

Сондай-ақ, Сингапурде отбасы орталықтары, әлеуметтік қызмет кеңселері және Сингапур әйелдер ұйымдары кеңесінің филиалдары жұмыс істейді, олар ажырасуға нақты шешім қабылдаған адамға немесе отбасындағы зорлық-зомбылықтың құрбаны болған адамға көмек көрсетеді. Әлеуметтік қызметтерден басқа Сингапур аумағында pro bono қағидаты негізінде заң орталықтары мен бюролар жұмыс істейді.

2020 жылғы сәуірден бастап «CPH Online Counselling» екі жылдық пилотты жоба жұмыс жасайды. Бұл жоба бойынша Сингапурдың Әлеуметтік және отбасылық даму министрлігінің қаржыландыруы бойынша Қоғамдық психология хабы жұмыс жасайды. Жоба чат немесе пошта арқылы хат алмасу негізінде онлайн кеңес береді және неке, ажырасу немесе ата-ана мәселелері бойынша эмоциялық қолдау көрсетеді.

Сингапурде министрлік бастаған ажырасуға қолдау көрсететін мамандардың агенттіктерінің дамыған желісі бар. Егер ерлі-зайыптылар агенттік орталықтардың біріне жүгінсе, кеңесшілер жоғарыда аталған міндетті ата-анан жүргізуден басқа үш жолды ұсынады: шешімді кейінге қалдыру, ажырасу немесе некені сақтау үшін жұмыс жасау.

Әр түрлі жастағы балаларға арналған бағдарламалардың кең спектрін атап өткен жөн:

- 5 жастан асқан балаларға эмоцияларды дұрыс реттеу дағдыларын дамыту үшін ойын және арт-терапия курсы ұсынылады;

- 10-16 жас аралығындағы жасөспірімдер - ата-анасынан ажырасқаннан кейін достық қолдау үшін «The Big Brother and Big Sister» қауымдастығына қатысу. Балалар топта кездеседі, өз мәселелерін талқылайды және құрдастарының да, мамандардың да қолдауына ие болады;

- діни кітаптар мен қағидалар негізінде «PPIS As-Salaam» орталығының мұсылман қоғамдастығы тарапынан балалар мен жасөспірімдерге қолдау көрсету;

- сарапшылар тобы тарапынан 7-12 жастағы балаларға арналған «Rainbows» жобасы және 13-16 жастағы балаларға арналған «Spectrum» жобасы. Жобалардың мақсаты – ата-анасының жоғалуы/қайтыс болуы немесе ажырасқаннан кейін ауырсыну мен шатасуды

бастан кешіретін балалар үшін мүмкіндіктер мен қауіпсіз орта құру, сонымен қатар өзін-өзі бағалауды нығайтуға және басқаларға қайта сенім артуға көмектесу.

Кейбір агенттіктер бұрынғы ерлі-зайыптылар мен балалар достық қолдау ала алатын қауымдастықтарға қосылуды ұсынады, мысалы, life for Dads. Бұл ұлттық қозғалыс 2009 жылдан жұмыс жасайды және 250 000 астам әкені біріктіреді<sup>5</sup>.

## ҚЫТАЙ

Қытайда 2020 жылы ажырасу БУМ-ынан кейін 2021 жылы ажырасу саны төмендеді. Бұл 1 қаңтардан бастап Үкіметтің міндетті «қайта ойлану» кезеңін заңдастырғанына байланысты. Азаматтық кодекске енгізілген жаңа түзетуге сәйкес ерлі-зайыптылар ажырасуды ресми тіркеуден бұрын 30 күн күтуі керек.

Үкімет ажырасу деңгейінің өсуі және нәтижесінде туу деңгейінің төмендеуі аясында заң қабылдады. Егер 30 күннен бастап 60 күнге дейінгі кезеңде ерлі-зайыптылар уәкілетті органға қайта өтініш білдірмесе, олардың өтініші күшін жояды. «Қайта ойлану» кезеңі ерлі-зайыптылардың бірі отбасындағы зорлық-зомбылықтан кейін ажырасуды талап еткен жағдайларда тағайындалмайды<sup>6</sup>.

Кейбір Еуропа елдерінде заңнамада ерлі-зайыптылар бөлек тұруы қажет кезеңі бар<sup>7</sup>.

## ФИНЛЯНДИЯ

Финляндияның ажырасу саласындағы тәжірибесі, егер ерлі-зайыптылар екі жыл бірге тұрмаса, 6 айға қайта қарау кезеңін (reconsideration period) енгізуден тұрады. Бұл ретте, қайта қарау кезеңі, егер өтінішті бір жұбайы берген жағдайда, екінші жұбайын хабардар еткен кезден басталады.

Қажет болса, ерлі-зайыптылар отбасылық медиацияға өтініш бере алады (perheasioiden sovittelu). Отбасылық медиация әдетте балаларға қатысты мәселелер бойынша тиімді келіссөздер жүргізуге жиі көмектеседі.

Делдалдар, негізінен, әлеуметтік қызметкерлер, білім саласы бойынша кеңес беру немесе отбасылық кеңес беру орталықтары болып табылады<sup>8</sup>.

<sup>5</sup> <https://dadsforlife.sg/>

<sup>6</sup> <https://tengrinews.kz/asia/chislo-razvodov-rezko-sokratilos-v-kitae-iz-za-novogo-zakona-437764/>

<sup>7</sup> [https://www.oecd.org/social/family/SF\\_3\\_1\\_Marriage\\_and\\_divorce\\_rates.pdf](https://www.oecd.org/social/family/SF_3_1_Marriage_and_divorce_rates.pdf)

<sup>8</sup> <https://www.infofinland.fi/en/living-in-finland/family/divorce>



## АВСТРАЛИЯ

Австралияда ажырасу деңгейі 2017 жылы 4,6 бастап 2 дейін төмендеді. Мұндай көрсеткіштің төмендеуі неке деңгейінің төмендеуіне және ресми тіркеуге балама ретінде бірге тұруға деген қызығушылықтың артуына байланысты болды. Ажырасу туралы өтініш беру үшін австралиялықтар кем дегенде 12 ай бойы бөлек тұруды растауы керек. Өтініш үшін төлем құны – 910 австралиялық доллар<sup>9</sup>.

Ажырасу кезінде және одан кейін балаларға көмек көрсету үшін ата-аналары айырылысқаннан кейін балаларға көмек қолданудың міндетті немесе ұсынымдық сипаты туралы ереже енгізілді. Бағдарлама аясында әлеуметтік қызметтер балаларға ата-аналары бөлек болған кезде ойлары мен эмоцияларын жеңуге көмектеседі. Әлеуметтік қызметтер баланың жасына байланысты бірнеше әдістерді қолданады, мысалы, жеке кеңес беру немесе топтық жұмыс. Австралияның кейбір штаттарында әлеуметтік қызметтер ақысыз болуы мүмкін. Сондай-ақ, Австралияда «отбасылық қатынастар бойынша кеңес беру» ұлттық сенім телефоны жұмыс істейді, оған сәйкес ерлі-зайыптылар, балалар, ата-әжелер, отбасының достары көмек сұрай алады. Анонимдік жағдайында желі бойынша қоңырау шалып, отбасылық мәселелерді шешу бойынша кеңес/ұсыным, отбасылық құқық жүйесі туралы ақпарат, жанжалдың балаға ықпалы туралы кеңес алуға болады, сондай-ақ қоңырау шалушыға басқа әлеуметтік қызметтер тағайындалуы мүмкін.

## ЖЕДЕЛ ЖЕЛІ САЙТЫНАН КЕЙСТЕР

### 1-кейс

Сьюзан жаңа ғана жұбайы Майклға ажырасқысы келетінін айтты. Ерлі-зайыптылардың екі баласы бар, 9 жасар Тайлер және 12 жасар Клара.

Майкл не істеу керектігін білмеді, Гуглға «ажырасуды» деп теріп, сенім телефон сілтемесіне өтті. Майкл телефон шалып, кеңесшімен сөйлесті, ол оған ажырасу процесі, ажырасқаннан кейінгі балалармен қарым-қатынас шарттары және оған қолдау көрсетілетін қызметтер туралы айтты. Бұдан соң оны аймақтық отбасылық қарым-қатынас орталығымен қосты.

### 2-кейс

Адиса және оның отбасы Австралияға босқындар мәртебесінде келді. Соғыс бүкіл отбасында өшпес із қалдырды. Жұбайы қорқынышты түс көрді. Түнгі қорқынышты түстен кейінгі күні ол ашуланшақ болды

<sup>9</sup> <http://mejfm.com/June%202020/Divorce.pdf>

және шаршауды сезінді. Адиса мектептегі басқа балалармен салыстырғанда өздерін басқаша сезінетін балаларының жағдайына алаңдады.

Адиса оның отбасы ыдырауы мүмкін деп алаңдады, не істеу керектігін білмеді. Сонымен қатар, ол бұл жағдайды құрбыларымен талқылағысы келмеді, себебі бұл туралы күйеуі немесе оның қауымдастығы білсе, оның отбасы қиын жағдайда деп қабылдауы мүмкін еді. Ол сенім телефонына хабарласып, көмекті жасырын түрде алуға келісті. Ол үшін жасырын болып қалу маңызды фактор болды<sup>10</sup>.

Австралияда Үкіметтің «Онлайн отбасылық қарым-қатынас» бастамасы бар, оған психологиялық, қаржылық, заңгерлік кеңес алуға, сондай-ақ жанжал туындаған кезде отбасылық медиатордың қызметіне жүгінуге болады. Сондай-ақ сайтта тақырыпқа арналған жарияланымдармен және ақпараттық брошюралармен танысуға болады<sup>11</sup>.

Сонымен қатар, Австралияда қиын жағдайларда, соның ішінде ажырасу кезінде ерлі-зайыптылар мен балаларға қолдау көрсететін коммерциялық емес ұйымдардың бірнеше федералды желілері бар.

## ҰЛЫБРИТАНИЯ

Өтініш беру жарнасының құны – 550 фунт стерлинг.

Біріккен Корольдікте отбасылық қарым-қатынас туралы чаттар мен сенім телефондары кең таралған. Мысалы, 40 жылдан астам уақыттан бері жұмыс істеп келе жатқан «Family life» қайырымдылық ұйымы. Ұйымның мақсаты – жанжал туындаған кезде отбасыларға көмектесу. Негізгі назарда жас отбасылар, цифрлық технологиялар, чаттар, әлеуметтік желілер коммуникацияның негізгі құралы болып қала береді. Ұйымның амбассадоры Дейдра Сандерс екендігі қызықты факт, ол кәсіби кеңесші, тележүргізуші және қарым-қатынас туралы аудиторияның әртүрлі сұрақтарына жауап беретін «Sun» газетіндегі колумнист. Сонымен қатар, ол 50 жылдан астам уақыт тұрмыс құрған және екі қызы бар, осылайша отбасылық кәсіпқой әйел мен сенімді «тәтенің» сәтті бейнесін көрсетеді. Осы уақытқа дейін ол 6 миллионнан астам сұраққа жауап берді. 2018 жылы осы ұйымның сенім телефонына 36 000 қоңырау келіп түсті, ұйымның сайты 2,5 млн. пайдаланушы қарады. Негізгі құрамнан басқа, бүкіл Англия бойынша 300 астам ерікті көмек көрсетеді. Командада білім беру, медицина, құқықтану, GR-мамандар, кеңес беру саласындағы сарапшылар бар<sup>12</sup>.

<sup>10</sup> <https://www.familyrelationships.gov.au/talk-someone/advice-line>

<sup>11</sup> <https://www.familyrelationships.gov.au/>

<sup>12</sup> <https://www.familylives.org.uk/>



## АМЕРИКА ҚҰРАМА ШТАТТАРЫ

Ажырасу туралы өтініш үшін жарнаны төлеу құны штатқа байланысты 50 доллардан 450 долларға дейін құбылады. Өтініш берудің қымбат болуынан басқа, адвокаттардың ақысы мен жекелеген Штаттардағы заңнаманың ерекшеліктерін ескере отырып, АҚШ ажырасу процесі бойынша ең қымбат елдің бірі болып қала береді. Пандемия кезінде америкалықтар өтініш дайындау және өтініш беру бойынша онлайн-қызметтерге жүгінді. Бұған ажырасу, заңды мәселелер, мүлікті бөлу, балаларды күту және балаларға қолдау көрсету бойынша сайттардың кең желісі ықпал етеді.

Ажырасудың алдын-алу шараларына келетін болсақ, отбасын сақтаудың әртүрлі бағдарламаларын ұсынатын көптеген қызметтерді, коммерциялық емес ұйымдарды және ғылыми ұйымдарды атап өту керек. Мысалы, америкалық психологиялық қауымдастық отбасылық білім беру бағдарламаларын (marital education program) ұсынады. PREP ерлі-зайыптыларға және АҚШ да, шетелде де отбасы құрғысы келетіндерге арналған. 1989 жылдан бастап көптеген тренингтер өткізіліп, отбасын сақтау үшін зайырлы және діни көзқарастарға мамандандырылған 6876 нұсқаушы дайындалды. Ерлі-зайыптылардың қарым-қатынасын психологтар әзірледі, олар отбасындағы мәселелерді анықтауға және ерлі-зайыптыларды бір-бірінің белсенді тыңдаушыларына айналдыруға көмектесетін «түсіну дөңгелегі» және «есту дөңгелегі» сияқты әдістерді қолданады. Бұл бағдарламаның ықпалын 600 000 астам жұп сезінді және нәтижелері 70 астам ғылыми мақалаларда жарияланды.

Келесі бағдарлама – The PAIRS program – тек ерлі-зайыптылар мен балаларға ғана арналмаған. Бағдарламаның негізгі бағыты – ерлі-зайыптылардың ересек жаста қарым-қатынастарына әсер ететін балалық шақтан келе жатқан эмоциялық жағдайы бойынша жұмыс жасау. Балаларға мектептерде, шіркеулерде және әлеуметтік қызмет агенттіктерінде бағдарлама бойынша сабақ өтіледі. Бағдарлама салауатты отбасы үшін қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі<sup>13</sup>.

Қолдау шаралары көбінесе атқарушы биліктің бастамасы бойынша мемлекеттік органдардың (үкіметтің) іс-әрекеттеріне және азаматтық қоғам институттарының қызметіне бөлінеді. Екінші бағыт жұмсағырақ тәсіл болып табылады, себебі отбасы да үкіметтік емес сектордың субъектісі болып табылады. Сондай-ақ, барлық кезеңдерде отбасыларға, балаларға көмек көрсетуде әлеуметтік қызметтердің жоғары белсенділігін атап өту қажет. Мемлекеттік органдар мен коммерциялық емес ұйымдардың механизмі мемлекеттің саясатына, діндарлық деңгейіне және халықтың мәдени бағдарларына байланысты.

<sup>13</sup> <https://www.apa.org/research/action/marital>

### 1.3. Ажырасудың негізгі себептері

Қазіргі кезеңде отбасылық-неке қатынастарының өзгеруі отбасы институты құндылықтарының бұзылуымен, неке идеяларының өзгеруімен, неке санының азаюымен, әйелдердің эмансипациясымен және тіркелмеген неке санының артуымен қатар жүруде.

2020 жылы Қазақстанда ажырасу санының азаюы тіркелді. Сонымен бір мезгілде Қазақстанда неке деңгейі 2019 жылмен салыстырғанда 1000 адамға шаққанда тіркелген жұптар саны 7,39 бастап 6,82 дейін төмендеді. Бұл үрдіс бейресми некелердің танымал болуымен, сондай-ақ коронавирустық пандемиядан туындаған жағдайлармен байланысты болды.

4-кесте. Елдер бойынша неке және ажырасу. Автор дайындаған

	Неке саны		1000 адамға шаққандағы неке коэффициенті*		Ажырасу саны		1000 адамға шаққандағы ажырасу коэффициенті **		1000 некеге шаққандағы ажырасу коэффициенті ***	
	2019	2020	2019	2020	2019	2020	2019	2020	2019	2020
Ресей <sup>14</sup>	950167	770800	6,50	5,27	620730	564000	4,23	3,86	653	732
Қырғызстан <sup>15</sup>	49431	39747	7,45	5,99	10992	9128	1,68	1,38	222	230
Өзбекстан <sup>16</sup>	310899	296750	9,00	8,59	31389	28233	0,93	0,82	101	95
Қазақстан <sup>17</sup>	139504	128839	7,39	6,82	59796	48002	3,21	2,54	429	373
Әзірбайжан <sup>18</sup>	63869	35348	6,24	3,45	17148	14682	1,70	1,43	268	415
Латвия <sup>19</sup>	12861	10702	6,79	5,65	5971	5206	3,13	2,75	464	486
Литва <sup>20</sup>	19502	15299	6,98	5,47	8683	7544	3,11	2,70	445	493
Дания <sup>21</sup>	30635	28539	5,26	4,90	10454	15521	1,79	2,67	341	544

<sup>14</sup> 2019 жылға – Федералды мемлекеттік статистика қызметі <https://rosstat.gov.ru/folder/12781> 2020 жылға – Федералды мемлекеттік статистика қызметі <https://rosstat.gov.ru/folder/70843/document/116838>

<sup>15</sup> 2019 жылға – Қырғыз Республикасының Ұлттық статистика комитеті <http://www.stat.kg/ru/news/braki-i-razvody-v-kyrgyzstane-v-2019-godu/#:~:text=%D0%92%202019%20%D0%B3%D0%BE%D0%B4%D1%83%20%D0%B2%20%D0%A0%D0%B5%D1%81%D0%BF%D1%83%D0%B1%D0%BB%D0%B8%D0%BA%D0%B5,%D0%B2%20%D0%B1%D1%80%D0%B0%D0%BA%D0%B5%20%D0%BC%D0%B5%D0%BD%D0%B5%D0%B5%205%20%D0%BB%D0%B5%D1%82>

2020 жылға – Қырғыз Республикасының Ұлттық статистика комитеті <http://www.stat.kg/ru/statistics/naselenie/>

<sup>16</sup> Өзбекстан Республикасы Статистика жөніндегі мемлекеттік комитеті <https://stat.uz/ru/press-tsentr/novosti-goskomstata/8259-so-nggi-10-yillikda-qayd-etilgan-ajrimlar-soni-2>

<sup>17</sup> ҚР СЖПА ҰСБ <https://taldau.stat.gov.kz/ru/Search/SearchByKeyWord>

<sup>18</sup> 2020 жылға [https://azertag.az/ru/xeber/V\\_proshlom\\_godu\\_v\\_Azerbaidzhane\\_zaregistrirvano\\_svyshe\\_353\\_tysyachi\\_brakov-1723015](https://azertag.az/ru/xeber/V_proshlom_godu_v_Azerbaidzhane_zaregistrirvano_svyshe_353_tysyachi_brakov-1723015) 2019 <http://interfax.az/view/792747>

<sup>19</sup> Латвия Статистика ресми порталы <https://stat.gov.lv/en/statistics-themes/population/lalibas/2634-number-marriages-and-divorces?themeCode=IL>


<sup>20</sup> Литва Статистика ресми порталы [https://osp.stat.gov.lt/en\\_GB/statistiniu-rodikliu-analize#/](https://osp.stat.gov.lt/en_GB/statistiniu-rodikliu-analize#/)

<sup>21</sup> Дания Статистика порталы <https://www.dst.dk/en/Statistik/emner/befolkning-og-valg/vielse-og-skilsmisser>

Неке көрсеткіштерінің жақын және алыс шетелдердің барлық елдерінде төмендеу үрдісін байқауға болады, әсіресе Әзірбайжанда күрт азаю байқалады. Егер неке деңгейі бойынша Қазақстан көрсеткіштері жақсы деп қарайтын болса, атап айтқанда – Өзбекстаннан кейінгі екінші орын; онда біздің елде ажырасу деңгейі Қырғызстан, Әзірбайжан, Латвия, Литва, Дания және Өзбекстанға қарағанда жоғары.

Бұл ажырасудың әлеуметтік қабылдауының өзгеруімен қатар орын алады: ажырасу енді үлкен мәселе ретінде қабылданбайды, отбасылық қарым-қатынас ажырасуға деген теріс көзқарастан, қалыпты, табиғи құбылысқа дейін өзгерді.

2019 жылы «Рухани жаңғыру» КеАҚ «Отбасылық-демографиялық саясат» тақырыбына жүргізген сауалнама нәтижелері бойынша респонденттердің 45,1% ажырасуға теріс көзқараспен қарады, бірақ ажырасу тұрақты жанжалдан гөрі жақсы деп санайды. Қазақстандықтардың 43,2% ажырасу мүмкіндігін үзілді-кесілді жоққа шығарады және оған толығымен теріс көзқараспен қарайды. Ажырасуға оң баға бергендердің үлесі респонденттердің 8% құрады, олардың көпшілігі ажырасуды дұрыс деп санайды, себебі кейде ол жаңа отбасын құруға мүмкіндік береді. Осылайша, қазақстандықтардың 53,1% ажырасуға болады деп есептейді.



**6-сурет.** «Сіз ажырасуға қалай қарайсыз?» сұрағына жауаптардың бөлінуі. %

*Дереккөз:* «Қазақстан отбасылары - 2020» ұлттық баяндамасы. 33 б.

Дүниежүзілік құндылықтар сауалнамасына сәйкес ажырасудың рұқсат етілуіне қатысты келесі үрдіс байқалады: ажырасудың деңгейі жоғары елдерде ажырасудың рұқсат етілу деңгейі негізінен жоғары. Ажырасу деңгейі төмен елдерде – Перу, Гватемала және Вьетнамда – халықтың көпшілігі аз ажырасуға бейім.

**5-кесте.** Ажырасуға жол беру көзқарасы деңгейі туралы жауаптардың бөлінуі. %

Ел	Төмен	Орта	Жоғары	Жауап беруге қиналамын
Әлем	25,6	33,4	36,1	4,8
Ресей	20,4	32	43,7	3,9
Беларусь	21,3	34,1	42,2	2,5
Украина	18,4	32,5	34,6	14,5
Литва	13,1	38,7	42,5	5,7
Қазақстан	35,1	29	25,1	10,8
Перу	43,7	28	26,8	1,5
Гватемала	36,6	28,3	33,4	1,7
Вьетнам	27,8	47,4	24,8	0

*Дереккөз: World values value порталы. <https://www.worldvaluessurvey.org/WVSONline.jsp>*

*\* Елдер бойынша деректер; Беларусь EVS, Гватемала 2019 ж., Қазақстан 2018 ж., Литва EVS, Перу 2018 ж., Ресей 2017 ж., Украина 2020 ж., Вьетнам 2020 ж.*

Қазақстандықтардың ажырасуға деген көзқарасы Гватемала тұрғындарының пікірімен ұқсас (1000 адамға 0,4 ажырасу), бірақ әрбір 10 қазақстандық өз пікірін білдіруге қиналғанын атап өткен жөн.

Құндылықтар мен басымдықтардың өзгеруі отбасылық қатынастарда көрінеді. Неке адалдығын бұзу, қызғаныш, келісімге келу қабілетсіздігі, неке қатынастарына қойылатын талаптардың өзгеруі, қанағаттанарлықсыз қатынастарға төзімділіктің төмендеуі, жұбайының/зайыбының мінез-құлық ауытқулары, ерлі-зайыптылардың үміттерінің сәйкес келмеуі салдарынан ажырасулар санының едәуір артуы байқалады, сонымен қатар ажырасудың себептеріне айтарлықтай әсер етеді.

Ажырасу сияқты құбылысты зерттеудің өзектілігі отбасы институтының өзгеруіне байланысты қажет болып көрінеді. Бұл өзгерістер некені сақтаудың мүмкін емес кезінде шешім қабылдаудың себептер саласына да ықпал етеді. Осыған байланысты, отбасының өзгеруі неге болып жатқанын түсіну үшін ажырасу себептерін зерттеудегі жаңа тенденцияларды бағалау, сондай-ақ отбасы институтына тән процестердің әсерін көрсету қажет.

Зерттеу нәтижелері бойынша респонденттер некеге дейінгі құндылықтар ретінде отбасы мен балаларды жиі атап өтті. Сауалнамаға қатысқандардың басым көпшілігінде жынысына қарамастан отбасының мықты құндылықтары анықталады. Респонденттерде отбасын құруға және баланың туылуына бағдарлану басым:

*«Бірінші орынға баламды қойдым. Қыз бала кері қайтып келе алмайды, ұят болады дейтін, сол үшін сыйласуға тырыстым» (Лаура, 48 жас, Орал, мемлекеттік қызметкер);*

*«Первое - это чтобы отношения между моей супругой и моими родителями, можно сюда включить близких родственников, хотелось, чтобы у них были очень хорошие отношения. У нас, у казахов, на стадии приготовления к свадьбе уже происходят некоторые трудности, связанные с некоторыми ритуалами, которые ведут между собой родители. На первом месте — это создать твердую семью, как любой человек я хотел, чтобы семья была крепкой... Первые проблемы начались тогда, когда готовилась свадьба. Это касается наших родителей, в первую очередь, родители должны найти общий язык между собой. Мы были разных социальных слоев» (Бейбіт, 46 жаста, Нұр-Сұлтан);*

*«В моей жизни произошли изменения. Я подошел к этому очень ответственно, потому что я понимал, что беру на себя большую ответственность. У нас были большие планы, это и ипотека, это и рождение ребенка, это и развиваться как семья, укрепляться, то есть никаких мыслей там не возникало» (Э., 39 жаста, Нұр-Сұлтан);*

*«Семья, дети, объединение семей, родственные узы, поднятие детей – это основные ценности. Уважение старших» (Ербол, 47 жаста, құрылысшы, Нұр-Сұлтан);*

*«Семья – это самое главное. Семья – это моя ценность» (Серік, 32 жаста, қоймашы, Қостанай);*

*«Семья - самое важное, родители не вечные, а рядом будет муж, рядом будут дети» (Қайрат, 37 жаста, оқытушы, Қарағанды);*

*«На первом месте – семья, дети. Взаимоотношения» (Әйгерім, 42 жаста, жеке кәсіпкер, Қарағанды);*

*«Дети, здоровье детей» (Гүлмира, 50 жаста, медицина қызметкері, Қарағанды).*

Барлық респонденттер үшін құндылықтар жүйесінде отбасы жетекші орын алмайтынын айта кеткен жөн. Көбінесе адамдардың өмірі үшін дін нұсқаулық пен өлшемге айналады. Мысалы, бір респондент құндылықтар иерархиясында дінді бірінші орынға, ал отбасын үшінші орынға қойған.



*«Бірінші орында Аллам, екінші ата-анам, үшінші отбасым болды. Семьяда разногласие болмаса, барлығы жақсы болады ғой. Ақшаны әйеліме беретінмін, продукты алып қоятынмын» (Д., 39 жаста, Нұр-Сұлтан)*

